Ақсуат аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясы отырысының
№8 ХАТТАМАСЫ

Ақсуат ауылы 21.08.2023 жыл

Төрағасы: Е.Ескендіров-аудан әкімінің орынбасары, аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасы

Хатшысы: Р.Сайлаубаев-аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері

Қатысқандар: **М.Иманқажы**-аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, **Н.Хозаев**-аудандық полиция бөлімінің бастығы, **Р.Сейілханов**-аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, **А.Шарипова**-аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы, **С.Смағұлов**-Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық , жолаушылар көлігі , автомобиль жолдары , құрылыс , сәулет және қала құрлысы бөлімінің басшысы , **Е.Қожахмет** -"Ақсуат" МКК басшысы , **Е.Тұрғанбаев** - "Қазақавтожол"РМК Шығыс Қазақстан облыстық филиалының №31 ЖПБ-нің басшысы , **Е.Рахметжанов** - аудандық желілік техникалық учаскесінің инженері , **С.Қисанов** - Шығыс Қазақстан аумақтық энергетика компаниясының Тарбағатай аудандық электр желісінің Ақсуат бөлімшесінің мастері , **Б.Сербатыров** - аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы, **Ж.Демеубаев**-"Қазселденқорғау" аудандық филиалының инженер-гидрологы, А.Әштаева-аудандық аурухананың бас дәрігері, **Д.Тулембаев**-ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақсуат аудандық аумақтық инспекциясы басшысы, **К.Шыныбаев**-"КазСуШар" Ақсуат ӨУ басшысы.

Комиссия отырысының күн тәртібі:

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында Ақсуат ауылындағы "Қожагелді батыр атындағы орта мектебі" КММ-ның мектеп жанындағы бюджеттік интернаттың электр КТП қалпына келтіру жұмыстарына қаражат беру туралы.

Күн Тәртібіндегі мәселе бойынша "Қожагелді батыр атындағы мектебі" КММ директоры Е.Абсалямов хабарлама жасады.
Мектеп жанындағы бюджеттік интернаттың КТП-на 2023 жылдың 07-12.08 аралығында жауған мол жауыннан электр КТП-на су кіріп пайдалануға жарамсыз болып қалды. ИП "Энергия" басшысы М.Мұхамеджан берген ақау актісі бойынша келген шығындарды өтеуге, КТП-ны қалпына келтіріп оқу жылына дайындау үшін қаражат бөлу сұралады.

Қорытындылай келе аудан әкімінің орынбасары Е.Ескендіров қалыптасқан жағдайды жедел түрде қалпына келтіру үшін жұмыстар жасау керектігін жеткізді.

Аудан әкімі орынбасарының (Е.Ескендіров) және комиссия мүшелерінің пікірлерін қорыта келе төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия отырысы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

"Қожагелді батыр атындағы мектебі" КММ мектеп жанындағы бюджеттік интернатына төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында КТП қалпына келтіруге шұғыл түрде қаражат бір көзден қолданыстағы заң аясында қарастырылсын.

Аудан әкімінің орынбасары,
аудандық төтенше жағдайлар
жөніндегі комиссия төрағасы **Е.Ескендіров**

Аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері **Р.Сайлаубаев**